

**Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 09 қарашадағы "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 496 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 478 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 5 қарашада № 5294 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.2 Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 09 қарашадағы № 496 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3602 тіркелген, 2016 жылдың 20 қаңтарында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*